Бала сіз үшін кім?

Қазақ қоғамында баланың жас ерекшелігіне қарай қарым-қатынас жасау дәстүрі ертеден қалыптасқан.Бірақ қазір көп ата-ана заман талабына сай баласын өсіріп,жетілдіріп жатыр ма?

Кезінде балаңды 5-жасына дейін дейін хандай көр,15-жасқа дейін құлыңдай көр,15-жастан әрі досыңдай ақылдас деген ауыз-екі тараған халық арасында бір өсиет бар .Ал қазіргі заманда 21-ғасырда осынау жағдайлар сақталып жатыр ма?

Баланың тәрбиесі тікелей әке-шеше мен араласатын ортасына байланысты.

Ата-анасының қамқорлығынан айырылған және тағы басқалары жақын жандары, бұл өмірде жоқ жасөспірімдер мен кішкентай бүлдіршіндердің өмірі,ата-анасы бар балаларға қарағанда қалай өтіп жатқаны қазіргі қоғамға белгілі.Салыстырмалы түрде қарасақ,

Отбасысы бар бала күнделікті эмоционалдық қолдау ала алады,қиындықта оған көмектесетін тіректері бар. Ол отбасындағы қарым-қатынасты күнделікті көріп өседі. Ендігі кезекте ата-анасының қомқорлығынан айырылған және ата-анасы бұл өмірде жоқ балалар.Қоғамға да халыққа да ең мықты және батыл,қайратты жандар болып есептеледі. Олар өз күнін өзі көріп, қиындықтарға төтеп беруге мәжбүр болады. Сондықтан мұндай балаларға қоғам тарапынан ерекше қолдау қажет.

2018 жылы қамқоршысынан айырылған балалар саны 25 753 болса,2024 жылы олардын саны 4 955балаға,шамамен 19% -ға азайған.

2024 жылы 20 798 баланың:

15 259-ы (73,4%) — қорғаншылық/қамқоршылықта;

1 562-сі — патронаттық тәрбиеде;

222-сі — балалар үйлерінде;

493-і — медициналық-әлеуметтік мекемелерде болған. Мінекей осы сараптамалар біздін алдағы болашағымызды аландатпас үшін ең бірінші кезекте, ата-ана баласы үшін ең қымбат жан екенің ұмытпауымыз керек. Әр бала үшін өз ата-анасы ең жақын адам. Ал ата-ана үшін өз баласының орны бөлек.

Әр “Бала” бақытты болуға лайықты.